

Қазақстанның тәуелсіздігі мен мемлекеттілігінің қалыптасуындағы конституциялық реформалар рөлі.

Қ. Сатбаева

заң ғылымдарының кандидаты, доцент

E-mail: abyilai1996@mail.ru

Н.В. Сидорова

заң ғылымдарының кандидаты, доцент

Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті

Аңдатпа. Мақала еліміздің тәуелсіздігі мен мемлекеттілігінің қалыптасуы барысындағы конституциялық реформалардың рөліне арналады. Авторлар Қазақстандағы конституциялық реформалар өз бастауын Егемендік туралы Декларация мен Тәуелсіздік туралы Конституциялық заңнан алғанын баяндай отырып, Қазақстанда болып өткен конституциялық реформаларға талдау жасайды. Талдау барысында конституциялық реформалардың кем тұстары мен артықшылықтары анықталады. Конституциялық реформалардың қоғамдық қатынастардың даму барысына сай жасалып отырғаны, дегенмен, әлі де конституциялық реформалар жүргізу ықтималдығын жоққа шығаруға болмайтындығы мәлімденеді. Осы орайда авторлар тарапынан бірқатар ұсыныстар жасалады.

Түйін сөздер: егемендік, тәуелсіздік, мемлекеттілік, конституциялық реформа, құқықтық мемлекет, демократиялық мемлекет, мемлекеттік билік.

Қазақстандағы конституциялық реформалар 25 қазан 1990 жылы қабылданған Егемендік туралы Декларация мен 16 желтоқсан 1991 жылы қабылданған Тәуелсіздік туралы Конституциялық Заңнан басталды.

1990 жылғы 25 қазанда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі «Қазақ Советтік Социалистік Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы» Декларация қабылдады [1]. Бұл құжаттың жобасы Тұңғыш Президент - Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың басшылығымен әзірленді. Құрамында белгілі заңгерлер бар депутаттар тобы да түрлі пікірлер тоғысқан күрделі жағдайда жобаны жасауға белсене қатысты. Декларацияда халық пен мемлекеттің егемендігі, оның аумағының бөлінбейтіні, қолсұғылмайтыны, егемендіктің экономикалық негізі, Республиканың барлық ұлттарының азаматтарына кең құқықтар мен бостандықтар беру, Республиканың сыртқы саяси қызметті дербес жүзеге асыруға құқығы, мемлекеттік билікті үш тармаққа бөлу қағидаттарын белгілеу жария етілді. Декларацияның одақтық шарт жасасудың және Қазақ КСР-інің жаңа Конституциясын әзірлеудің негізі болып табылатыны танылды.

Мемлекет егемендігі мемлекеттік биліктің үстемдігінен, оның біртұтастығы мен тәуелсіздігінен көрінеді. Егеменді мемлекеттік биліктің маңызды қасиеті оның тәуелсіздігі болып табылады. Мемлекеттік биліктің тәуелсіздігі осы мемлекеттің басқа мемлекеттермен қатынастарындағы дербестікті білдіреді.

Республиканың егемендігі – мемлекеттік биліктің бірлігін, үстемдігі мен тәуелсіздігін анықтайтын мемлекеттің мәні.

1990 жылғы 25 қазанда қабылданған «Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы» Декларациясы біздің еліміздің егемендікке бет бұрған ең алғашқы маңызды қадамы болып есептеледі [1].

«Мемлекеттік егемендік мәселесі – конституциялық, мемлекеттік, әкімшілік, халықаралық және бірқатар құқық салаларының теориясында басты орындардың бірін алады. Мемлекеттік және қоғамдық өмірдің маңызды мәселелерінің баян етілуі, саяси және әлеуметтік институттардың қызметі, құрылымдар мен қатынастар, жеке адам мәртебесі, саяси партиялар мен халықтың ерікті бірлестіктерінің, елдегі істердің жалпы жағдайы оның шешілу сипатымен байланысты», – деп «Становление суверенитета Республики Казахстан» атты егемендік жайлы қомақты еңбектің авторлары М.Т.Баймаханов, Л.М.Вайсберг, А.К.Котов айтқандай, мемлекеттің

өз егемендігі болмаса, оның мемлекет болып аталуы да заңсыз, сонымен бірге оның саяси және әлеуметтік институттарының құрылуы, осы институттардың қандай да болмасын қызметі шынайы бола алмайды, яғни мемлекеттік биліктің орнауы мүмкін емес. Осы орайда тағы да жоғарыдағы авторлардың пікірін келтіруге болады: «Егемендік пен толыққұнды мемлекеттік билік шын мәнісінде синонимдер. Егемендік биліктің қасиеті, белгісі және принципі емес, тура мағынасында ол мемлекеттік биліктің өзі. Барлығының үстіндегі және барлығы үшін дара билік, жоғарғы және жалғыз билік» [2, б. 73].

Кеңес Одағы таратылғаннан кейін 1991 жылғы 16 желтоқсанда Республиканың Жоғарғы Кеңесі «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заң қабылдады [3], оның жобасы да еліміздің Тұңғыш Президентінің басшылығымен, құрамында бүкіл елімізге танымал ғалым заңгерлер болған депутаттар корпусының белсене қатысуымен әзірленді. Онда халықтың, оның Президенті мен депутаттарының мемлекеттің толық әрі нақтылы тәуелсіздігі туралы және кезінде қазақ ұлтына адам айтқысыз ауыртпалықтар әкелуімен қоймай, оның өмір сүруінің өзіне қатер төндірген, жат күштер зорлықпен тартып алған егемендікке ие болу жөніндегі арман-мүддесі айшықты бейнеленді. Егемендікпен байланысты негізгі идеялар мен қағидалар конституциялық заң күшіне ие болды.

Тәуелсіздік туралы Конституциялық заң Қазақстанның барлық мемлекеттермен өзара қатынасын халықаралық құқық принциптері бойынша құратындығын, өзінің мемлекеттік тәуелсіздігін басқа мемлекеттер тануы үшін ашық екендігін, Қазақстанның бүкіл территориясында оның Конституциясы мен заңдары, ол таныған халықаралық құқық нормалары қолданылатындығын анықтады. Конституциялық Заңға сәйкес мемлекет территориясының қазіргі шекараларында біртұтас, бөлінбейтін, қол сұғуға болмайтын территория болып табылатынын анықтаған принциптік норма мемлекет тәуелсіздігін түбегейлі бекітті [3].

Тәуелсіздік табалдырығын аттатқан осы қос құжат 28 қаңтар 1993 жылы сол кездегі Жоғарғы Кеңеспен қабылданған еліміздің алғашқы Конституциясының негізін салды [4].

Егер бұған дейін конституциялық комиссия КСРО құрамындағы Республика Конституциясының жобасын әзірлеумен шұғылданса, ендігі жерде тәуелсіз егемен мемлекет – Қазақстан Республикасының Конституциясын жасау міндеті алға қойылды. Енді тәуелсіз мемлекеттің егеменді құқықтарын Республика Конституциясының өзінде баянды етіп, оған мызғымас сипат беру керек еді. 1993 жылғы Конституцияны қабылдаудың бірінші себебі, міне, осы.

1993 жылғы Конституцияны қабылдаудың келесі себептерінің бірі адам мен азаматтың неғұрлым кең құқықтары мен бостандықтарын конституциялық тұрғыдан бекемдеу қажеттігі болды. Президенттің Республика Конституциясының жобасы туралы барлық баяндамаларында бұл аса маңызды міндет ретінде көрсетілді.

Республиканың жаңа Конституциясын әзірлеудің келесі бір маңызды себебі – саяси жүйе мен мемлекеттік тетік құрылымында жүріп жатқан сапалық өзгерістерді конституциялық жолмен дәйектеу және оларды демократияландыру мен құқықтық мемлекет құру бағытында одан әрі жетілдіру қажеттігі еді.

Жаңа Конституцияның жобасын әзірлеу үшін негізінен үкімет мүшелері мен депутаттық корпусының басшыларынан тұратын Конституциялық комиссия құрылды.

Жоба әзірленген бетте Жоғарғы Кеңес сессиясындағы алғашқы оқылымында мақұлданып, Жоғарғы Кеңес оны 1993 жылғы 28 қаңтарда қабылдады [4].

Н.Ә. Назарбаев бұл Конституцияның белгілі бір дәрежеде оңды рөл атқарғанын, оның Қазақстанның егеменді мемлекет және әлемдік қоғамдастықтың терезесі тең мүшесі ретінде толығымен қалыптасқанын ресімдейтін әрі 1990-1992 жылдардағы конституциялық құқықшығармашылықтың алғашқы толқынының өзіндік қорытынды құжаты болғанын және «...Қазақстандық конституциялық құрылыс жолындағы елеулі белес» болғанын атап көрсетті [5].

Дегенмен, бұл Конституция ұзақ әрекет ете алған жоқ. Қазақстан қоғамының даму барысында Конституциядағы кемшіліктер мен оның шындықтан алыс жатқандығы байқала бастады. Онда Қазақстан демократиялық мемлекет деп жарияланды. Ал шын мәнінде бұл жылдары демократиялық қайта құрулар енді ғана басталып жатқан болатын. 1993 жылғы Конституцияда мемлекеттің құқықтық және әлеуметтік бағдары анықталғанмен, басқару түрі туралы нақты

айтылған жоқ. Аталмыш Конституцияда президенттік республиканың да, парламенттік республиканың да белгілері болды.

Негізгі заңда атқарушы және заң шығарушы биліктердің арасындағы келіспеушіліктерді шешетін тетіктер болмады. Нәтижесінде мемлекеттік билік тармақтарының арасындағы қайшылық күшейе түсті. Үкіметтің биліктен кетуімен жалғасқан парламенттік дағдарыс (Конституцияны қабылдай салысымен Жоғарғы Кеңестің өзін-өзі таратуы), атқарушы биліктің дәрменсіздігін күшейтіп, мемлекеттік биліктің тұрақтылығына, мемлекетті басқарудың мүдделеріне қауіп төндірді. Осы себептерге байланысты 1993 жылғы Конституцияны қайта қарау және жаңа Конституцияның қажеттілігі туралы пікір туындады.

1993 жылғы Конституцияда жазылған құқықтық мемлекетті құруға бағытталған әрекеттерді жүзеге асыру мақсатында 1994 жылы елімізде құқықтық реформалардың бағдарламасы қабылданды. Мемлекет басшысы Жоғарғы Кеңестің өзін-өзі тарату барысында Республика Президентіне бір жылдан аспайтын мерзімге заң шығару өкілеттігін беру туралы Заңына сәйкес өзінің конституциялық заң күші бар Жарлықтарын қабылдады. Себебі, жаңа ғана құрылған тәуелсіз мемлекетте жедел реттеуді қажет ететін жаңа қоғамдық қатынастарды кешеуілдету мүмкін емес еді.

Мемлекет халықтың қоғамдық және мемлекеттік өмірінің барлық саласындағы жасампаздық қызметінің аса маңызды құралы болып табылады. Өткен жылдардың ішінде толып жатқан сан түрлі проблемаларды шешу қажеттігінің бірінші кезегінде мемлекеттілікті құру мәселесі тұрды. Реформалардың басым бөлігі саяси құрылыс пен қоғамдық өмір аясын қамтып, осы заманғы саяси жүйенің жаңа институттарын құруды, жаңа Конституция қабылдауды қажет етті.

Осы орайда мемлекеттің мазмұны мен негізгі белгілері және қызмет етуінің қағидаттары, сайып келгенде, қоғамның сипатына, оның даму барысы мен жағдайына, демек, объективтік факторларға қарай анықталатынын айтқан орынды. Сонымен қатар, оның дамуы мен қызметінің бағыттарын дұрыс айқындауда мемлекеттің өзінің тиісті органдарының, мемлекет қызметкерлерінің, әсіресе олардың басшыларының үлкен рөл атқаратынын анық.

Мемлекет – саяси-ұйымдық құрылыс, яғни халықтың белгілі бір аумақта өзін-өзі сақтауын қамтамасыз ету үшін көпшілік болып, саяси ұйымдасуы. Ұйымдасу барысында мемлекеттілікті қамтамасыз ететін мемлекеттік органдар мен халық арасында әлеуметтік, экономикалық, саяси және өзге де қатынастар туындайды.

Мемлекет саяси-ұйымдық құрылыс болса, ал Конституция – саяси-заңдық құжат, мемлекеттің ең негізгі заңдық құжаты. Сол себепті мемлекет өз тәуелсіздігін нығайту және мемлекеттілігін тиімді жолмен қалыптастыру мақсатында мемлекетті құрудың принциптік негіздерін өзінің Негізгі заңында бекітеді.

Жаңа конституциялық реформа тәуелсіз мемлекеттің алғашқы Конституциясының бірқатар қағидаларын қайта қарау үшін ғана емес, іргелі экономикалық, қоғамдық саяси мәні бар басқа да бірсыпыра мәселелерді конституциялық деңгейде шешу үшін қажет болғаны аян. Осы бағытта ықтимал жаңа конституциялық реформаға деген негізгі жаңа көзқарастар алдын ала әзірленді. Әлбетте, Конституцияны жиі өзгерте берудің жөнсіздігі баршаға мәлім, әйткенмен де, Қазақстан Республикасының Президенті мен өзге де реформалаушылар қоғамдық және мемлекеттік өмірдің бірқатар түбегейлі мәселелері хақындағы нормалары қоғамдық дамудың келешегіне сәйкес келмейтін Конституцияның тұрақтылығын қамтамасыз етуден гөрі Конституцияны өзгерту халықтың түбегейлі мүддесіне барынша сай келеді деген байлам жасады.

1995 жылғы Конституцияның жобасы бойынша тоқтамды сөзін Қазақстан халқының өзі айтты. Жобаға үш миллионнан астам азамат қатысқан 33 мыңдай ұжымдық талқылау өткізіліп, 30 мыңнан астам ұсыныстар мен ескертпелер түсті, Конституция жобасының 55 бабына 1100 түзету мен толықтыру енгізілді [6, б. 18].

1995 жылғы 30 тамызда бүкілхалықтық дауыс беру арқылы референдум жолымен Қазақстан Республикасының әрекеттегі Конституциясы қабылданды [7].

1995 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясы – жаңа саяси-заңдық құжат [7]. Негізгі Заңның мәндік жаңалығы ең алдымен оның барлық институттарының мазмұны мен нысанын нақты анықтайтын принциптерден көрініс табады.

Әрбір мемлекет оның ерекшеліктерін білдіретін нақты белгілермен сипатталады. Ол демократиялық не тоталитарлық, республика не монархия, біртұтас не федеративті және тағы басқалай болуы мүмкін. Осындай белгілер жиынтығы белгілі бір нысан, мемлекетті ұйымдастырудың белгілі бір тәсілі, немесе мемлекеттік құрылыс туралы айтуға мүмкіндік береді. Мемлекеттің конституциясымен бекітілген осы құрылысы, оның конституциялық құрылысы болып табылады.

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес конституциялық құрылыс негіздеріне ең алдымен әрбір конституциялық мемлекетке тән негіздер жатады. Олардың қатарында халық егемендігімен, биліктің бөлінуімен, идеологиялық және саяси әр алуандылықпен, жергілікті өзін-өзі басқаруды мойындаумен және оған кепілдік берілуімен анықталатын демократизм, сонымен қатар конституциялық мемлекет орнауының көрінісі болып табылатын құқықтық мемлекет. Конституциялық мемлекет негізі – адам, оның құқықтары мен бостандықтары оның ең қымбат қазынасы болып танылуынан тұрады.

Жеке адамның конституциялық мәртебесін бекітуші қолданыстағы Конституция нормалары айқын жаңалықтармен ерекшеленеді. Бұл нормалар адамның табиғи құқықтарын, тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез-келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайтындығын ұйғаратын барлық азаматтардың теңдігін бекітеді. Республиканың азаматын ешқандай жағдайда азаматтығынан, өзінің азаматтығын өзгерту құқығынан айыруға, сондай-ақ оны Қазақстаннан тыс жерге аластауға болмайтындығын бекітуші ережелер де бұрын-соңды болмаған тың ережелер.

Конституциялық құрылыс негіздерінің қатарына мемлекет Конституциясымен бекітілген біртұтастық, егемендік және президенттік басқару нысаны да жатады.

Қазақстанның мемлекеті, оның егемендігі мен аумағы туралы мәселе Конституцияның 2-ші бабында бір-бірінен ажырағысыз құбылыстар ретінде қатар қаралады: «Республиканың егемендігі оның бүкіл аумағын қамтиды. Мемлекет өз аумағының тұтастығын, қол сұғылмауын және бөлінбеуін қамтамасыз етеді» [7].

Конституция тұрақтылығы, бірінші кезекте, мемлекет тұрақтылығымен тығыз байланысты. Біздің мемлекетіміз салыстырмалы түрде жас мемлекет. Ол өзін демократиялық, құқықтық, зайырлы, әлеуметтік мемлекет ретінде қалыптастыру үстінде. Мемлекеттіліктің айтылған бағыттағы даму барысында қоғамдағы қатынастардың, оның ішінде, негізгі қатынастардың бірге дамуы – бұл заңдылық. Қазақстан мемлекеті жас мемлекет болғандықтан өз мемлекеттілігін жылдам нығайтуды, өркениетті мемлекеттер қатарына тезірек қосылуды мақсат етеді. Сол себепті қоғамдық қатынастар да тез дамып, заман ағымына сәйкес жиі өзгеріп отырады. Осындай қатынастар қатарында Негізгі Заңмен реттелуді қажет ететін қатынастар болатыны анық. Осыған байланысты бүгінгі күнге дейін еліміздің Конституциясына бес рет өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Енгізілген өзгерістер өздерінің жалпыадамгершілік құндылықтармен және жалпыдемократиялық принциптермен ұйғарылған мәні мен мазмұны бойынша халықаралық құқық принциптерімен нормаларына, конституциялық заң шығарудың еуропалық және әлемдік стандарттарына толығымен сай келіп, Конституцияға өзгерістер енгізілуі барысында алғы қатардағы демократиялық мемлекеттердің тәжірибесінің пайдалануы Қазақстанның өз мемлекеттілігін шынайы демократиялық, құқықтық, әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтыруды мақсат ететінінің айғағы.

Еліміздің Конституциясына алғаш рет 1998 жылғы 7 қазанда енгізілген өзгерістер адам құқығын қорғауды күшейту, азаматтық қоғамды дамыту, мемлекетті, оның тетіктерін жетілдіру, Парламенттің және саяси партиялардың рөлін күшейту мәселелерін қамтыды [8].

21 мамыр 2007 жылы қабылданған конституциялық реформа Республика Президенті және Парламентінің мәртебесі мен өкілеттіктерін кеңінен қамтыды [9].

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 25 қаңтар 2017 жылғы «Қазақстан Республикасы Президентінің билік тармақтары арасында өкілеттіктерді қайта бөлу мәселелері жөніндегі» Қазақстан халқына арнаған Үндеуі Қазақстанның саяси дамуының демократиялық жолдан таймайтындығының ресми айғағы болып табылатыны сөзсіз. Оны Республика Тұңғыш Президенті - Елбасының «Реформалар

бағдарламасы – ол Қазақстан қай бағытта жүреді деген сауалға біздің жауабымыз. Жауап айқын және дәйекті – демократиялық даму жағына қарай» – деген сөзі нақтылай түседі [10].

Елбасы Үндеуінің негізінде 10 наурыз 2017 жылы еліміздің Конституциясына қоғамның демократиялық жолмен дамуын мақсат ететін аса маңызды өзгерістер мен толықтырулар енгізілді [11].

Айталық, Негізгі Заңның 49-бабының 1-тармағы Парламенттің заң шығару билігін жүзеге асыратын ең жоғарғы өкілді орган ретіндегі ерекше мәртебесін бекітті. Мұндағы ерекшелік, енгізілген өзгерістерге дейін еліміздің заң шығарушы органы заң шығару қызметін жүзеге асырғанмен, заң шығаруды жүзеге асыру барысында дербес билікке иелік еткен жоқ, себебі, Негізгі Заңға аталмыш өзгерістер енгізілгенге дейін Қазақстан Республикасының Президенті Конституцияда көзделген екі жағдайда заң шығару қызметін атқара алатын. Біріншіден, Палаталардың бірлескен отырысында Парламент Президенттің бастамасы бойынша әр палата депутаттары жалпы санының үштен екісінің даусымен Республика Президентіне бір жылдан аспайтын мерзімге заң шығару өкілеттігін береді (53-б., 4-т.); екіншіден, егер Парламент мемлекетке аса қажетті заңдарды шұғыл қабылдай алмаса, Президент заң күші бар Жарлық қабылдауға хақылы (61-б., 2-т.). Әрине, осы екі жағдайдың екеуінде де, Президенттің заң шығару өкілеттігі уақытша сипатта болды. Дегенмен, мемлекет басшысы, Парламенттің негізгі қызметіндегі рөлін арттыру мақсатында, жоғарыда аталған өкілеттіктерден бас тартты. Енді ел Парламенті заң шығару билігін дербес жүзеге асыру мәртебесіне ие.

Сондай-ақ, келесі конституциялық норма да заң шығарушы биліктің билік тармақтары арасындағы рөлін нығайта түскендей, онда «Палата депутаттары жалпы санының кемінде үштен бірінің бастамасы бойынша Республика Үкіметі мүшелерінің өз қызметі мәселелері жөніндегі есептерін тыңдауға хақылы. Есепті тыңдау қорытындылары бойынша Үкімет мүшесі Республика заңдарын орындамаған жағдайда Палата депутаттары жалпы санының кемінде үштен екі көпшілік даусымен оны қызметінен босату туралы Республика Президентіне өтініш жасауға хақылы. Мұндай жағдайда Республика Президенті Үкімет мүшесін қызметінен босатады» делінген (57-баптың 6) тармақшасы) [11]. Өзгерістерге дейін Республика Президентінің мұндай өтінішті қабылдауға құқығы болды. Ондай жағдайда Палата депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен алғашқы өтініш берілген күннен бастап алты ай өткеннен кейін Республика Президентінің алдына аталмыш мәселені қайталап қоюға хақылы болатын.

Республика Парламентіне қатысты енгізілген келесі өзгеріс атқарушы биліктің, яғни Үкіметтің, өз қызметінде Республика Президентінің және Парламенттің алдында жауаптылығын анықтайды (64-баптың 1-тармағы) [11].

Сонымен қатар Конституцияның 67-бабы 4) тармақшасының жаңа редакциясына сәйкес Премьер-Министр Үкімет қызметінің негізгі бағыттары жөнінде және оның аса маңызды барлық шешімдері жөнінде бұрынғыдай Президентке ғана емес, енді Парламентке де баяндап отыруға міндетті [11].

Конституцияның 44-бабының 3-тармақшасына енгізілген өзгеріс Үкіметті жасақтаудағы Парламент рөлін күшейте түседі. Аталмыш норма Республика Президентінің Парламент Мәжілісімен консультациялардан кейін Премьер-Министр енгізген ұсынумен Үкімет мүшелерін қызметке тағайындайтындығын бекітеді (енгізілген өзгерістерге дейін Парламент Мәжілісімен консультациялар қажет етілген жоқ).

Еліміздің заң шығарушы билігі мен атқарушы билігі арасындағы өзара тығыз байланысты, сонымен қатар заң шығарушы биліктің ерекше мәртебесін анықтайтын келесі конституциялық новелла – бұл Үкіметтің жаңадан сайланған Республика Парламенті Мәжілісінің алдында өз өкілеттігін доғаруы [11].

Республика Конституциясына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес Парламент мәртебесі маңызды түрде өзгерді. Енді ол заң шығару қызметін жүзеге асыратын орган емес, заң шығару билігін жүзеге асыратын орган ретінде анықталады. Және өзінің осы мәртебесіне сәйкес, атқарушы билікке қатысты аса маңызды өкілеттіктерге иелік етті, яғни жоғарыда көрсетілген Елбасы Үндеуіне дәлме-дәл келіп, конституциялық реформаға сәйкес Парламент сайлауында жеңген партия Үкімет құрамын анықтауға түбегейлі ықпал ететін болды, Үкіметті жасақтаудағы

Парламенттің рөлі күшейді. Үкіметтің өкілетті билік алдындағы жауапкершілігі артып, биліктің заң шығарушы тармағының атқарушы билікке бақылауы күшейтілді.

Сонымен қатар, аталмыш өзгерістер еліміздің атқарушы билігінің құзырындағы қызметтер аясын толықтыра түсумен қатар, оның дербестігін нығайта түсті. Айталық, мемлекет басшысының Үкімет пен Премьер-Министр актілерінің күшін жою не қолданылуын тоқтата тұру құқығы алынып тасталды. Мемлекет басшысының ерекше маңызды мәселелер бойынша Үкімет отырыстарына төрағалық ету құқығы да енді «қажеттігіне қарай» жүзеге асырылады. Сондай-ақ, енгізілген өзгерістерге сәйкес Республика Үкіметі Республика Президентінің келісімімен мемлекеттік бағдарламаларды бекітеді, олардың орындалуын қамтамасыз етеді және мемлекеттік бюджет есебінен қамтылатын барлық органдар үшін қаржыландырудың және қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеудің бірыңғай жүйесін бекітеді (енгізілген өзгерістерге дейін Республика Президентінің дербес құзырында).

Бүгінгі күнге дейін елімізде болып өткен конституциялық реформалардың мемлекеттілігіміздің нығаюы мен тәуелсіздігіміздің тұғырлануында атқарған рөлі зор екені айқын. Әрине, конституциялық реформалар еліміздегі қоғамдық қатынастардың жылдам қарқынмен даму барысына сай жасалып отыр. Дегенмен, қоғам бір орнында тұрып қалмақ емес, осыған орай қоғамдық қатынастар, оның ішінде, Негізгі Заңмен реттелуді қажет ететін қатынастар, дамып, өзгеріп отырады. Демократиялық қоғамға бет бұрған Қазақстанның өз мемлекеттілігін қалыптастыру барысында әлі де конституциялық реформалар жүргізу ықтималдығын жоққа шығаруға болмайды. Сол себепті өз тарапымыздан келесідей ұсыныстар жасағымыз келеді:

1. Қазақстан Республикасы Конституциясының 13-бабы мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылуы қажет:

2. «4. Әркім адам құқықтарын қорғау бойынша құрылған халықаралық ұйымдарға жүгінуге хақылы».

3. Парламенттегі саяси фракцияларға заң шығару бастамасы құқығын беру қажет.

4. Парламенттің өзі шығарған заңдарға ресми түсінік беруін конституциялық норма деңгейінде бекіту, яғни Республика Конституциясында қарастыру қажет.

5. Республика Жоғарғы Сотының нормативтік актілері нормаларының Қазақстан Республикасындағы қолданылатын құқық қатарына жатқызылуына, сонымен бірге Республикада қолданылатын құқық нормаларының іс жүзінде орындалуын қамтамасыз етуіне сәйкес Жоғарғы Сотқа заң шығару бастамасы құқығын беру қажет.

Әдебиеттер тізімі

1 Қазақ Советтік Социалистік Республикасының Мемлекеттік егемендігі туралы декларация жөнінде: Қазақ ССР Жоғарғы Советінің 1990 жылғы 25 қазандағы № 307-ХІІ Қаулысы // <http://adilet.zan.kz>

2 Баймаханов М.Т., Вайсберг Л.М., Котов А.К. Становление суверенитета Республики Казахстан (государственно-правовые проблемы). – Алматы, 1994. – 153 с.

3 Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы: Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы. 1991 жылғы 16 желтоқсан // <http://adilet.zan.kz> (23.03.2019 жылғы жағдай бойынша).

4 Қазақстан Республикасының Конституциясы: 1993 жылғы 28 қаңтарда қабылданған (күші жойылған) // Конституции стран СНГ / сост. Ю. Булуктаев. – Алматы: Жеті жарғы, 1999. – 416 б.

5 Назарбаев Н.Ә. Ата Заң халыққа қызмет етеді // «Егемен Қазақстан». – 1996. - 30 тамыз.

6 Он екінші сайланған Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің қызметі туралы (1990 жылғы сәуір – 1993 жылғы желтоқсан) // ҚР-сы Жоғарғы Кеңесінің Ақпарат орталығы. – Алматы, 1994. – 24 б.

7 Қазақстан Республикасының Конституциясы: 1995 жылғы 30 тамызда қабылданған (23 наурыз 2019 ж. енгізілген өзгерістер және толықтырулармен) // <http://adilet.zan.kz> (14.08.2019 жылғы жағдай бойынша).

8 Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы: Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 7 қазандағы Заңы // «Егемен Қазақстан». – 1998. - 9 қазан.

9 Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы: Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 мамырдағы Заңы // «Егемен Қазақстан». – 2007. - 23 мамыр.

10 Қазақстан Республикасы Президентінің билік тармақтары арасында өкілеттіктерді қайта бөлу мәселелері жөніндегі ҮНДЕУІ // Егемен Қазақстан. – 2017. – 25 қаңтар.

11 Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы: Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 10 наурыздағы № 51-VI Заңы // «Егемен Қазақстан». – 2017. - 14 наурыз.

РЕЗЮМЕ

Сатбаева К., кандидат юридических наук, доцент

E-mail: abylail996@mail.ru

Сидорова Н.В., кандидат юридических наук, доцент

Карагандинский экономический университет Казпотребсоюза

РОЛЬ КОНСТИТУЦИОННЫХ РЕФОРМ В СТАНОВЛЕНИИ НЕЗАВИСИМОСТИ И ГОСУДАРСТВЕННОСТИ КАЗАХСТАНА

Статья посвящена роли конституционной реформы в становлении независимости и государственности страны. Авторы анализируют конституционные реформы, проводимые в Казахстане, подчеркивая, что конституционные реформы берут свое начало с Декларации о суверенитете и Конституционного закона о независимости. Проведенный анализ позволил авторам выявить недостатки и преимущества реформ. Обосновывается взаимосвязь конституционных реформ с развитием общественных отношений, при этом авторами не отвергается вероятность новых этапов конституционного реформирования в будущем. В связи с этим авторами даются ряд предложений.

Ключевые слова: суверенитет, независимость, государственность, конституционная реформа, правовое государство, демократическое государство, государственная власть.

RESUME

Satbayeva K., PhD in Law, associate professor

E-mail: abylail996@mail.ru

Sidorova N.V., PhD in Law, associate professor

Karaganda economic University of Kazpotrebsoyuz

THE ROLE OF CONSTITUTIONAL REFORMS IN THE FORMATION OF INDEPENDENCE AND STATEHOOD OF KAZAKHSTAN

The article is devoted to the role of constitutional reform in the formation of independence and statehood of the country. The authors analyze the constitutional reforms carried out in Kazakhstan, emphasizing that the constitutional reforms originate from the Declaration of sovereignty and the constitutional law on independence. The analysis allowed the authors to identify the shortcomings and advantages of reforms. The author substantiates the relationship of constitutional reforms with the development of public relations, while the authors do not reject the possibility of new stages of constitutional reform in the future. In this regard, the authors make a number of proposals.

Keywords: sovereignty, independence, statehood, constitutional reform, legal state, democratic state, state power.